

6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Еліміздің білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты міндет – білім беру сапасын көтеру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Соңдықтан білім беру ұйымдарында оқыту әдістемесін және оқушылардың білім сапасын одан әрі жетілдіру қажеттілігі бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселердің бірі.

Білім беру жүйесінде математика пәндерін оқытуды ұйымдастырудың білім алушылардың математикалық білімін, білігін, дағдысын қалыптастырудың, сонымен қатар олардың логикалық ой-жүйесін дамытуда және тәрбиелеуде есептердің алатын орны ерекше, өйткені оку-тәрбие процесіндегі оқушылардың оқу іс-әрекетінің маңызды элементтерінің бірі есеп шығару болып табылады. Кез-келген математика сабактарында есептер шығара білу – ол оқытудың негізгі мақсаты мен құралы екендігі белгілі. Математиканы оқыту барысында оқушылар математикалық объектілер, әдістер жайында жаңа білімдер алады. Ал құралы ретінде ұғымдарды, занбарды, теорияларды терең әрі берік менгерулеріне мүмкіндік жасайды.

Мектеп оқушыларына математикалық есептерді шығаруды оқытудың теориялық және практикалық зерттеулерінің болуына қарамастан, елімізде орта білім мазмұнының жаңаруына сай зерттеу проблемасын одан әрі қарай әдістемелік тұрғыдың қарастыру қажеттілігі туындалған отыр. Осылан орай, Л.Д. Жумалиеваның диссертациялық жұмысы орта мектепте білім беру процесінде оқушыларға математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздерін жетілдіруде, яғни оқушылардың математикадан есептерді, оның ішінде мәтінді және стандартты емес есептерді шығару білігін қалыптастыру мен дамытуда көкейкесті мәселеге арналған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Докторант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген:

- математиканы оқыту процесінде оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мен жаңа ұғымдарды қалыптастыру құралы ретінде есептердің рөлі мен маңыздылығы, функциялары, классификациясы, «есеп», «есепті шығару» ұғымдарының мәні айқындалған;
- математикалық есептерді шығару біліктігін қалыптастыруға

бағытталған оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың және деңгейлік есептер жүйесін құрастырудың әдістемелік ерекшеліктері, оларды шыгару тәсілдері нақтыланған;

- орта мектеп оқушыларының математикалық білім деңгейін көтеруге ықпал ететін алгебра курсында мәтінді және стандартты емес есептерді шыгаруды оқытудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілген және еліміздегі орта мектептің негізгі буынының оқу процесіне енгізілген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Алынған нәтиженің негізделуі мен шынайылық дәрежесі зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми аппаратына: әдіснамалық және теориялық базасына, зерттеу әдістеріне, жүргізілген педагогикалық экспериментке, зерттеу нәтижесін апробациялауға сай келеді.

Бірінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы әдістемелік, психологиялық әдебиеттерге талдаулар жасау арқылы оқушылардың оқу нәтижесі, ойлау қабілетін дамыту құралы және оқыту мен тәрбиелеу пәні ретінде есептердің рөлі мен маңыздылығы, білім берудегі функциялары, классификациясы айқындалумен, «есеп», «есепті шыгару» ұфымдарының мәнін ашумен қамтамасыз етіледі.

Екінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы есептерді шыгаруды оқытудың теориясы мен тәжірибесіне талдаулар жасай отырып, есеп шыгару жүйесінің құрылымдық бірліктері, есеп шыгарудағы іс-әрекеттердің мазмұны, деңгейлік есептерді құрастыру мен оларды шыгарудың әдістемелік ерекшеліктері тұжырымдалуымен дәлелденеді.

Үшінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы алгебра курсының оқу бағдарламасына сәйкес тендеу, теңсіздік және теңдеулер жүйесін құру арқылы мәтінді және стандартты емес есептерді шыгаруға оқытудың әдістемесі берілуімен және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденуімен, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалардың дәйектілігімен расталады.

Л.Д.Жумалиеваның зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары олардың шынайылық және негізделу деңгейіне қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыстың әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының әрқайсысының өзіндік ғылыми жаңалықтары бар.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – математиканы оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық негізі болатын есептерді шыгаруды оқытудың мәселелерін зерттеген ғылыми еңбектерге жан-жакты талдаулар жасалған және мектепте математикалық есептерді шыгаруды оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері айқындалған.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – оқушыларды математикалық есептерді шыгаруға оқытуды дұрыс ұйымдастыру үшін есепті шыгару

процесіндегі іс-әрекет кезеңдері талданып, осы кезеңдерге сәйкес есеп шығару сатылары, деңгейлік есептер жүйесін құрастыру принциplerі, есептерді шығаруға үйрету тәсілдері тұжырымдалған.

Үшінші нәтиженің жаналық дәрежесі – алгебра курсындағы мәтінді және стандартты емес есептердің мазмұндық өрекшеліктері беріліп, оларды шығаруды оқытудың әдістемесі, деңгейлік есептер жүйесі жасалған және оның тиімділігі тексеріліп, эксперимент жүзінде дәлендленген, оку процесіне енгізілген, нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

5. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның диссертациялық жұмысы тұтастық принцип негізінде орта мектепте математиканы оқыту процесінде оқушылардың математикалық есептерді шығарудағы оку іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді әдістемелік жолдарын саралаумен, зерттеу нәтижелері бойынша деңгейлік тапсырмалар жүйесін жасаумен, есептерді шығаруды үйретудің тәсілдерін берумен, алгебра курсында мәтінді және стандартты емес есептерді шығаруды оқытудың әдістемесін жасаумен және оларды оку процесіне енгізуімен сипатталады.

Диссертациядағы әдістемелік материалдарды математика мұғалімдері өздерінің практикалық қызметтерінде оқушыларды есептерді шығаруға оқытуда және жоғары оку орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда математиканы оқыту мазмұны мен әдістемесін жетілдіруде кеңінен пайдалануға болады.

6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

PhD-докторантты Л.Д.Жумалиеваның диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, сонымен қатар сыйни-ескертпелеріне тоқталып өтсек:

1. Диссертацияда нарықтық экономикадағы қаржылық мазмұнға бейімделген есептерді қосымша қарастырған дұрыс болар еді.

2. Математикадан есептерді шығаруды оқыту бойынша педагогикалық эксперименттегі бақылау жұмыстарының нәтижелерін диаграммалармен көрсетпеген.

3. Қолданылған әдебиеттер тізімінде кейбір әдебиеттердің беттері көрсетілмеген.

Алайда, бұл кемшіліктер тұтастай алғанда ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық және практикалық нәтижелерінің құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

PhD-докторантты Л.Д.Жумалиеваның 6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талапқа сайтолық зерттеліп, аяқталған.

6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Жумалиева Дауренбаевнаның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторы 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті,
математика кафедрасының
профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы



Колы
Подпись

Растаймын: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр болімінін бастығы

Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета

Баймұханов Б.Б.